

Найманбаев Алмас Абдыманаповичтың «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» деген тақырыпта философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ШІКІР

Көркем әдебиет - ұлттың рухани болмысын айқындайтын ең басты құндылықтардың бірі. Әдебиетті оқыту, әдеби шығарма арқылы жас буынның жан сарайын байыту, еліміздің саналы азаматтарын тәрбиелеу мәселесі қашанда аса маңызды міндеттердің санатында болуы заңды. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстанның рухани-мәдени деңгейін әлемдік өркениет өрісіне шығарудың бірден-бір жолы барлық деңгейдегі білім беру сапасын арттыру, бұл салада жаңа технологиялардың қолданыс аясын кеңейту, инновациялық қызметтерді жолға қою дейтін болсақ, осы бағытта халқымыздың сан ғасырлық сөз өнерінің асыл мұраларын, көркем әдебиетті оқыту әдістемесін ұдайы жетілдіріп отырудың қаншалықты қажет екендігі айқын көрінеді.

Найманбаев Алмасын 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» деген тақырыпта дайындаған диссертациялық зерттеуі осы қажеттіліктің орнын толтыра отырып, бүгінгі таңдағы тіл мен әдебиет мамандарын даярлау ісіне өзіндік үлесін қосатын еңбек екенін атап айтуға болады. Жұмыстың негізгі арқауы қазіргі өзгермелі заман ағымындағы білім беру жүйесінің күннен-күнге жаңарып, жаңғыра түсуі және оқыту үдерісінде ақпараттық технологияның дамуы төңірегіндегі мәселелерді алға қойып, жоғары оқу орындарында әдебиет пәнін жаңаша оқыту әдістемесі жүйесін жетілдіре түсуге өзіндік көзқарас, тың тұжырымдарымен атсалысу.

Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі тақырыбында бүгінге дейін еліміздің Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Қ.Бітібаева, Т.Жұмажанова бастаған көрнекті ғалымдарының әр жылдардағы ізденістерінің нәтижесінде бірқатар елеулі ғылыми зерттеулер жазылды. Ұсынылып отырған А.Найманбаевтың докторлық диссертациясының жаңалығы соңғы ширек ғасырдан астам уақыт кезеңінде әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан айрықша назар аударылып келе жатқан мифопоэтика, қазіргі қазақ хикаяттарындағы мифтік сарындар туралы мәселені жоғары мектеп деңгейінде оқыту үдерісін жан-жақты талдап, тың қорытындылар жасауында.

Докторант әдебиетті оқытудың әдістемесі бағытында бұрын арнайы сөз болмаған тың тақырыпты негізгі нысанаға ала отырып, повесть жанрындағы фольклорлық элементтер мен аңыздық сюжеттердің, мифтердің көрініс табуының көркемдік сипаты мен дәстүрлік негіздерін осы мәселенің айналасына жинақтауы тақырыптың өзектілігін танытады. Ғылыми тұжырымдар жасауда А.Найманбаев осы саладағы отандық әдебиеттанушы,

әдістемеші ғалымдардың ойлары мен пікірлерін ғана емес, әр дәуірлерде өмір сүрген көптеген шетелдік әдебиеттанушы, педагог, психолог, философ ғалымдардың да ой-пікірлерін орынды пайдаланып, ғылыми жұмыстың жалпы мемлекеттік бағдарламалардың негізінде нәтижелі орындалуына қол жеткізген.

Жас зерттеуші негізгі әдеби материал ретінде қазақтың М.Мағауин, Т.Әсемқұлов, Д. Досжан, А.Кемелбаева сынды қаламгерлерінің үздік шығармаларындағы мифтік сарындарды оқытудың философиялық, педагогикалық, психологиялық аспектілерін жеке-жеке тарауларға бөліп жан-жақты қарастырған. Бұл үш бөлімнен тұратын диссертацияның құрылымдық мазмұнының дұрыс әрі ұтымды ойластырылғанын дәлелдесе керек.

Диссертацияның алғашқы бөлімінде диссертант мифтік сарындарға негізделген әдеби шығармаларды оқыту мәселесінің зерттелуі мен мән-маңызына барлау жасау барысында XIX ғасырдағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардан бері тартып, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, олардан кейінгі Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин сынды көптеген қайраткер тұлғалардың оқулықтары мен Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаевтардың шығармаларындағы мифтік қолданыстарды ғылыми тұрғыдан талдап көрсетеді.

Жұмыстың екінші бөлімі мифтік сарындағы туындыларды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздеріне арналса, үшінші бөлімінде диссертанттың авторлық эксперименттерінің нәтижелері жинақталған. Зерттеудің нәтижелерін іс жүзінде қолдану мақсатында филологиялық мамандықтардың студенттеріне арналған «Қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындар және оны оқыту» атты электив пәннің мазмұндық құрылымы мен оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері ұсынылған. Диссертанттың аталмыш пәні оқу топтарында тікелей сыннан өткен. Оның нәтижелерін анықтау бағытында жас ғалымның қолданған эксперименттің анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы сияқты түрлерінен алынған көрсеткіш, диаграммалары да ұсынылып отырған пәннің әдіснамалық негізінің тиянақтылығын танытады. Докторант А.Найманбаевтың диссертациялық зерттеу барысында өзінің алдына қойған ғылыми мақсаты мен міндеттері осындай практикалық талаптармен, сондай-ақ бүгінгі ғылым дамуымен орайлас туып отырған өзекті мәселелермен толық үйлесіп, жүйелі түрде сараланған.

Құрылымдық жүйесі орнықты диссертациялық жұмыстың орындалуы барысындағы авторлық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдауларда өзара сабақтастық, жүйелілік пен бірізділік сақталған. Докторанттың ғылыми, әдістемелік талдаулары нақты әдеби материалдар негізінде дәлелді деректермен түйінделіп, көрнекті ғалымдардың пікірлерімен бекітіліп отырады. Зерттеу жұмысында келтірілген сілтемелер ізденуші пайдаланған дәйексөздермен дұрыс үйлесім тапқан.

Ғылыми кеңесші ретінде диссертант А.Найманбаевтың ізденгіштігін, тиянақты ой пайымдай білу және ой-тұжырымдарын практикалық іс барысында дәлелдей алу қабілетін айрықша атап айтқан болар едім. Жазу машығы, ғылыми ойлау пайымы мен стилі әбден қалыптасқан, педагог ретінде де өзін жан-жақты қырымен танытып келе жатқан жас маман.

Докторант А.Найманбаевтың диссертациялық еңбегін салмақты ғылыми тілде жазылған, өзіндік ой-тұжырымдары бар, ғылыми тұжырымдары дәлелді, практикалық қолданыста пайдалануға болатын толыққанды жұмыс деп бағалауға болады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен маңызы, теориялық және практикалық құндылығы жоғары деңгейде.


Диссертацияның тақырыбы, ішкі мазмұны, еңбекті жазу барысында автордың ғылыми-зерттеу әдістемесінің нәтижелері 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертант Алмас Найманбаевтың «Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі» деген тақырыптағы диссертациясын ғылыми нәтижелері айқын, сапалы орындалған зерттеу жұмысы ретінде қорғауға ұсынуға болады және осы еңбегі үшін диссертантқа 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге әбден болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі



Б.Әбдіғазизұлы



Б.Әбдіғазизұлы,
филология ғылымдарының
докторы, профессор